

Адал бол - тандауды дұрыс жаса!

Қазақстанда ҰБТ мамыр айында басталады, содан кейін жоғары оқу орындарына қабылдау науқаны жүргізіледі. Бұл кезең талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін өте жауапты, маңызды, өйткені емтихан нәтижесіне жастардың қай ЖОО-ға және қандай негізде түсетіні байланысты.

Өкінішке орай, осы кезеңдер ресми рәсімдерден тыс әртүрлі схемаларды қолдана отырып, университеттерге түсуге көпілдік беретін алаяқтар ерекше белсенділік танытады.

КеАҚ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» алаяқтардың талапкерлер мен олардың ата-аналарына ұсынатын қызметтер тізімін анықтады.

Мәселен, олар сізге жоғары оқу орындарына түсу үшін ҰБТ балдарын «қосуды», мемлекеттік немесе жергілікті гранттарды ұтып алуға көмектесуді, жеткілікті балл жинай алмаған жағдайда ЖОО-ға түсуге жәрдемдесуді ұсынуы мүмкін.

Егер сізге ақшаға «көпілді түсуді», емтихансыз құжаттарды рәсімдеуді, ЖОО-дағы лауазымды тұлғалармен байланысты және басқа да күмәнді схемаларды ұсынса, бұл – алаяқтық. Мұндай әрекеттер заңсыз ғана емес, сонымен қатар нақты түсу мүмкіндігінен айырылуға әкелуі мүмкін.

ЖОО-ға түсу тек ресми арналар арқылы ғана мүмкін. ҰБТ нәтижелері бойынша, қабылдау комиссиялары арқылы квоталар мен гранттар бойынша, мемлекеттік порталдар мен ЖОО сайттары арқылы.

Әркімнің білім алуға құқығы бар. Алаяқтарға оны сізден тартып алуына жол бермеңіз! Өзіңізді бұл құқықтан айырмаңыз!

Егер сіз алаяқтық фактілеріне тап болсаңыз, жоғары оқу орнына түсу мәселесі бойынша сенімді ақпарат алу үшін «Әуезов университетіне» телефон арқылы хабарласыңыз.

Кәсіптік бағдар беру орталығы сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді.

Мекен-жайы: Тәуке хан даңғылы, 5, В корпусы, №122 кабинет.
Тел.: 8 (7252) 30-02-62, +7-747-275-75-00

**«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
КеАҚ Кәсіптік бағдар беру орталығының директоры
Т. Т. ЗАУРБЕКОВ**